

**«Алға индустриялық техникалық- колледжі» МКҚК 2025 жылдың 11 маусым
күні сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары туралы
анықтамасы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Алға индустриялық-техникалық колледжінің «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» № 3 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылда колледжіміздің қызмет көрсету аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қосымша профилактикалық және тиімді шараларды қабылдау, қызмет барысында және қызметтен тыс кезінде сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу мақсатында колледж қызметкерлерінің жиналысында талқылау жұмыстары жүргізілді.

Күн тәртібінде:

«Сыбайлас жемқорлық ішкі тәуекелдері мүмкін шараларды зерделеп, колледж қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізу»

Аталған мәселе бойынша Алға индустриялық техникалық- колледжі» МКҚК директорының м.а. А.Ж.Себенбаев сөз сөйлеп «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» - сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын қызметін түсіндірді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет- бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Колледж ұжымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау дегеніміз - ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктерінің болуын талап етеді, олар: жемқорлықтың әлеуметтік зұлым ретінде тани білу сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласына деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі. Мәдениетті ортаны қалыптастыруға осы ұжымның косар үлесі де бар. Біз қоғамда тұлға тәрбиелеуші маманбыз, осыған орай сыбайластыққа қарсы күресті бірлесе жүргізу міндетіміз болып табылады, сіз бен біз болып сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуіміз керек.

Қорытынды

Колледж ұжымы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және осы бағытта түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

**Алға индустриялық техникалық-
колледжі директорының м.а.**



А.Ж.Себенбаев